



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

28.06.2021 № 2-011202-21-43762

03.06.2021ж. № ДС-206 хат

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының депутаттары
А.Т. Перуашевқа, Д.М. Еспаеваға,
Б.С. Дүйсембиновке, А.Р. Әбілдаевқа,
Е.Х. Барлыбаевқа, С.С. Ерубаяевқа,
А.Қ. Жұмабаевқа, Қ.Ж. Исаға,
А.Г. Линникке, Е.Қ. Өмірғалиге,
М.Б. Раманқұловқа, А.Т. Сембиновке**

Депутаттық сауалға қатысты

Құрметті депутаттар!

2021 жылғы 2 маусымда жарияланған «online» форматта өтетін сот отырыстары туралы депутаттық сауалда көрсетілген сұрақтар бойынша келесіні хабарлаймыз.

1. Тараптарға қолжетімді болу үшін барлық құжатты толығымен электрондық форматқа көшіру.

Сотқа келіп түскен құжаттар дереу тіркеледі, сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - СОААЖ) электрондық түрде салынады және қарау үшін судьяға беріледі. Қағаз тасығышта келіп түскен құжаттар сканерленіп, СОААЖ-ға салынады.

Іс материалдарымен электрондық форматта танысу мүмкіндігі «Сот кабинеті» сервисінің тіркелген пайдаланушыларына беріледі.

Құжат айналымы қолма-қол, сондай-ақ «Сот кабинеті» сервисі арқылы жүзеге асырылады.

Ол пайдаланушыларға үйден немесе кеңседен шықпай-ақ сотқа талап қою арызын, шағым, өтініш, пікір, қарсы талап қою немесе өтініш беруге және «online» режимде мемлекеттік бажды төлеуге, сот құжаттары мен хабарламаларын, сот процесінің барысы туралы ақпаратты және т.б. жедел алуға мүмкіндік береді.

Құжаттарды сотқа электрондық үкімет порталы және электрондық сервистердің мобильді нұсқалары арқылы беруге болады.

2. Тараптардың және куәгерлердің қатысуы мен дәлелдердің айғақтығын талап етпейтін істерді қарауды online форматқа көшіру.

Сот отырыстарының форматы (online немесе offline) бойынша шешімдерді нақты өңірдегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды ескеріп, тараптардың пікірлері мен олардың жазбаша өтініштерін ескере отырып, сот қабылдайды.

2.1 Сот отырысына қатысушылардың сот отырыстарын өткізу кезіндегі байланыс сапасына, оның үзілістеріне, нашар естілуіне қатысты.

Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) басшысының 2019 жылғы 15 қазандағы №7 бұйрығымен бекітілген (Әділет министрлігінде 21.10.2019 ж. № 19499 тіркелген) Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидаларын және оларға қойылатын талаптардың 37, 38-тармақтарына сәйкес, жеке байланыс құралдарын пайдаланатын процеске қатысушы өзінің қатысуының сапалы бейне және аудио тіркелуін, сондай-ақ интернет желісі арқылы деректердің тұрақты берілуін қамтамасыз етеді және 1 мбит/сек төмен емес немесе 4G кем емес «Wi-Fi» байланысы талап етіледі.

Яғни, көп нәрсе процеске қатысушылардың гаджеттерін иелену дағдыларына, орналасқан жеріндегі интернеттің сапасына, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы сөйлесу қабілетіне байланысты.

Осыған байланысты сот маманы «online» тыңдауларға дейін қолданылатын техникалық құралдарға қажетті талаптарды түсіндіре отырып, процеске қатысушылармен жұмыс жүргізеді.

Сонымен қатар байланыстың тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін 2020 жылғы наурызда 85 қосымша сервер орнатылған. Қазіргі уақытта республика бойынша мобильді бейнеконференцбайланыстың 152 сервері жұмыс істейді.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін, сондай-ақ электрондық өтініштерді беруді ынталандыру үшін қоса берілген құжаттардың рұқсат етілген мөлшері және сақтау қоры 2 есе ұлғайтылған.

3. Процестік заңнамаға қашықтық форматта сот жүргізудің ерекшелігін ескеретін өзгерістер енгізуге байланысты.

«Online» процестерді жүргізуге қатысты процестік заңнамаға өзгерістер енгізу талап етілмейді.

Азаматтық процестік кодекстің 11-1-тарауында электрондық сот ісін жүргізудің, оның ішінде техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы сот отырысына қатысудың ерекшеліктері реттелген (АПК-нің 133-3-бабы).

Қылмыстық және әкімшілік процеске қашықтан қатысу мүмкіндігі қылмыстық процестік кодекстің 213, 428-баптарында және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 767-бабында көзделген.

Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының бұйрығымен бекітілген және Әділет министрлігінде тіркелген.

4. Жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы хабарлама туралы куәнің қолхатын «online» режимінде алу мәселелеріне қатысты.

ҚПК-нің 370-бабына сәйкес куә ант береді, содан кейін оның міндеттері мен жауаптылығы түсіндірілгені туралы қолхат алынады. Қолхат сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

Істі «online» форматта қараған кезде куәнің қолхаты алынбайды, ол шындықты айтуға міндеттенетіні туралы антты дауыстап оқиды. Төрағалық етуші жалған айғақтар бергені үшін жауаптылық туралы ескертеді. Мұның бәрі сот отырысының жазбасына енгізіліп, іс материалдарына қоса тіркеледі.

5. Бөгде адамдардың жабық сот отырыстарына қол жеткізуін шектеуді, сондай-ақ жұртшылықтың «online» режимінде өткізілетін ашық отырыстарға еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселесі бойынша.

Процестік заңнамаға сәйкес барлық сот сатыларында істерді талқылау ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады (АПК-нің 19-бабы, ҚПК-нің 29-бабы).

Сот талқылауы залында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге, интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып жол беріледі.

Көрсетілген тәртіп «online» режимде өткізілетін отырыстарға да қолданылады.

Ол үшін қолданылатын техникалық құралдарға қойылатын талаптарды сақтау қажет (*дыбыс пен бейнені тестілеу үшін сот отырысының хатшысы ұсынған сілтеме бойынша процесс басталғанға дейін 5-10 минут бұрын сапалы және жылдам байланыс, алдын ала қосылу үшін тиісті құрылғыны қамтамасыз ету*).

Бұл ретте, процеске қатысушылар болып табылмайтын адамдар оны өткізу тәртібіне кедергі келтірмей және бұзбай, сот талқылауының барысын ғана бақылай алады.

Азаматтық сот ісін жүргізуде, егер бала асырап алу құпиясын, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса не ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса, іске қатысатын адамның өтінішхаты бойынша азаматтық іс жабық сот отырысында қаралуы және шешілуі мүмкін.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәның немесе іске қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда, соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауына жол беріледі. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады.

Бұдан басқа, мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, істерді қарау және шешу заңға сәйкес жүзеге асырылады (АПК-нің 19-бабы, ҚПК-нің 29-бабы).

Мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын істер тараптың өтініші бойынша «offline» қаралады, сот ғимаратында өтетін отырыс кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар (маскалар, қашықтықтар және т.б.) сақталады.

6. Азаматтарды бас бостандығынан айыру мүмкіндігімен байланысты процестердің барынша объективтілігін қамтамасыз ету және санитариялық-эпидемиологиялық регламенттер мен нормаларды сақтай отырып, әдеттегі форматта қарауды қайта бастау мәселесі бойынша.

Сот отырыстарын әдеттегі форматта (offline) өткізуге шектеулер жоқ.

Сонымен қатар соттардың жұмысы санитариялық нормалар мен ережелермен: маскалармен, санитайзерлермен, сот залындағы адамдар санымен, ПТР (полимеразды тізбекті реакция) тесттерімен және вакцинация паспорттарымен қатаң реттеледі.

Вакцинация туралы қосымшаның енгізілуін және карантиндік шектеулердің жеңілдеуін ескере отырып, соттарға «offline» режимдегі сот талқылауларына өту туралы қарастырылған.

Жалпы, 2015 жылдан бастап сот төрелігін іске асыру процесіне заманауи ақпараттық технологиялар ауқымды түрде енгізілген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, оның жеделдігін, қолжетімділігі мен ашықтығын дамыту бойынша қадамдардың бірі «Сот кабинеті» сервисін іске қосу болды.

Бұл қызмет пандемия кезінде өзектілігін дәлелдеді. Бұл азаматтардың уақыты мен қаржылық шығындарын едәуір үнемдеуге мүмкіндік берді және ең бастысы - олардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етті.

Бас Прокурордың м.а.

Б. Асыллов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25.06.2021ж. № 313

Нұр-Сұлтан қаласы

№ _____

город Нур-Султан

**Иссапарға бару және міндеттерді
атқаруды жүктеу туралы**

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының
4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты 2021 жылдың 26-28 маусымы аралығында Алматы қаласына іссапарға барамын.
2. Мен іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Б.Н. Асылловқа жүктеймін.
3. Жол әуе көлігі арқылы Нұр-Сұлтан – Алматы – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша жүргізілсін.
4. 3 күн тәулікақы шығыстары өтелсін.
5. Иссапар шығындары Қаржы департаментімен жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Ғ. Нұрдәулетов

